Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
қабылдау комиссиясының төрағасы
_____ Сергалиев Н.Х.
_____ 2026 г.

В006 Музыка мұғалімдерін даярлау білім беру тобы бойынша шығармашылық және қабылдау емтиханының БАҒДАРЛАМАСЫ

Орал 2026 ж.

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Музыка мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы отырысында қаралды
№ 8 хаттама « 11» 03 2026 жыл

ББББ жетекшісі _____К.Л. Кисметов

Мәдениет және өнер факультетінің кеңесінің отырысында қарастырылды
Хаттама № 8 «17» наурыз 2026 жыл
Факультет кеңесінің төрағасы: _____К.Р. Кажимова

1. Жалпы ережелер

Шығармашылық емтихандарды өткізу «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

Шығармашылық емтихандар жоғары оқу орындарына шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін өткізіледі. Әрбір мамандық бойынша шығармашылық емтиханның саны екіге тең.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкіндік жасалады.

Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

1) тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;

2) аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;

3) шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен рәсімделеді.

Бағалау ведомосттері мен хаттамалар емтихан қабылдаушылардың және пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін сол күні хабарланады.

Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы

тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінімді аппеляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді.

3. Шығармашылық емтихандар талаптары

Екі шығармашылық емтихан:

1. Орындау шеберлігі;
2. Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету.

Талапкер міндетті:

Жеке немесе аспапта өзінің сүйемелдеуі арқылы 2-3 әр түрлі бағыттағы вокалдық шығармалар, халық әндерін орындауы тиіс.

Музыкалық білім беру бағдарламасына қабылдау өтініш берушінің музыкалық арнайы білімі болмаған жағдайда да жүзеге асырылуы мүмкін, егер талапкердің музыкалық қабілеттері мен вокалдық дайындығы жоғары деңгейде болса.

Музыкалық қабілетті анықтау мақсатында талапкердің ән айту қабілеті, әртістік шеберлігі, есте сақтау қабілеті, бір, екі немесе көп дауысты ажырату тексеріледі. Талапкер таңдауы бойынша кез келген вокалды жұмысты орындауға тиіс.

Екі шығармашылық емтихан

Музыкалық сауаты бар талапкерлер үшін

1. Орындаушылық өнер: әр түрлі бағыттағы 2 ән орындау.

- Әндер жатқа орындалады.
- Фортепиано сүйемелдеуімен немесе а капелла (егер талапкердің бағыты солай болса):
- Әнді орындау кезінде артикуляция, дикция, тыныс алу техникасы, интонация және музыкалық-көркемдік жеткізу;
- Орындаушының сахнада өзін-өзі ұстауы мен эмоционалдық әсері.

2. Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (ауызша емтихан).

Музыкалық есту қабілеті**:**

- Бір дыбысты немесе дыбыстар тізбегін тыңдап, қайталап айту (әнмен немесе аспаппен).
- Интервалдарды ажырату (мысалы: үлкен терция, кіші септима т.б.).
- Аккорд түрлерін тану (мажор, минор, доминант септаккорд).

Ырғақ сезімі:

- Берілген ырғақты қолмен соғу немесе қайталау.
- Ритмдік диктант (мұғалім соққан ырғақты жазу немесе айтып беру).

Музыкалық есте сақтау**:**

- Қысқа әуенді тыңдап, оны қайталап айту.
- Тыңдалған музыкалық үзіндіні танып, түрін сипаттау (ән, марш, би және т.б.).

Музыкалық сауаты жоқ талапкерлер үшін

1. Орындаушылық өнер - әр түрлі бағыттағы 2 ән орындау.

- Әндерді жатқа айтады;
- А капелла немесе қарапайым сүйемелдеумен айту (мысалы, фортепиано сүйемелдеуімен).
- Әндерді таза айту, дыбысты дәл беру**,** ырғақты сақтау**,** музыканы сезіну.

2. Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (ауызша емтихан).

Есту қабілетін тексеру:

- Бір нотаны фортепианодан ойнап, соны дауысымен қайталау.
- Қарапайым интервал (мысалы, 2 нотаны қатар ойнап, неше дыбыс естіді, қайсысы жоғары/төмен екенін анықтау).

- Қысқа әуен (3–5 нота) тыңдап, қайталау.

Ырғақтық сезім:

- Емтихан алушы қарапайым ырғақ соғады – талапкер соны қайталайды.
- Бірнеше рет тыңдап қайталап соғуға рұқсат етіледі.

Музыкалық есте сақтау:

- Бір кішкене әуенді тыңдап, қайта айтып беру.
- Музыканы қаншалықты есте сақтайтыны тексеріледі.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар (колледж түлектері) талапкерлер үшін қысқартылған оқу түріне (ұқсас мамандықтар бойынша) түсу кезіндегі шығармашылық емтихан талаптары (грант негізінде):

Талапкерлердің кәсіби дайындық деңгейін, музыкалық қабілеттерін және орындаушылық шеберлігін анықтауға бағытталған бір шығармашылық емтихан тапсырады.

1. Орындау шеберлігі:

- вокалдық шығарманы орындау;
- аспаптық шығарманы орындау;
- музыкалық есту қабілеті мен ырғақты тексеру;
- музыкалық-теориялық дайындық деңгейін анықтау.

4.1 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар (колледж түлектері) талапкерлер үшін қысқартылған оқу түріне (ұқсас мамандықтар бойынша) түсу үшін арналған сұрақтар (ақылы негізде):

1. Қазақ мәдениетін, музыкасын дамытудағы орны бар жырау, әнші, сал-серілерді атап, шығармаларына тоқталу.
2. А.Жұбановтың қазақ музыкасын зерттеуге арналған еңбектерін ата?
3.Музыка тәрбиесін дамытуда және қалыптастырудағы Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлихановтардың алатын ролі, орны.
4. Қазақстан ән-ұранының авторларын атап беріңіз?
5. Әлемге әйгілі 3 тенор- дауысты әнші
6. «Оратория» дегеніміз не? Мысал келтір?
7. Қазақстандағы балаларға музыкалық тәрбие беру жұмыстарынатоқталу.
8. Эпикалық жырлар, эпостың маңызы.
9. Вена классик композиторларыжәне олардың шығармалары,
10. Орыс композиторлары П.И.Чайковский, Н.Римский-Корсаков операларын атаңыз?
11. Дәулеткерей шығармалары.
12. «Қазақтың 500 әні», «Қазақтың 1000 ән-күйі» жинақтарының авторы?
13. Қазақ халық әндерінің жанрлары мен түрлері,
14. Қазақ музыкасын, «фольклорын» зерттеушілер.
15. Тарихта белгілі айтыстарды атаңыз?Айтыстың түрлері.
16. Қазақтын көне халық аспаптарының классификациясы.
17. Күй орындау мәнеріндегі екі түрлі бағыт, қазіргі кездегі орындаушылар мен осы бағыттарды дамытушылар.
18. Жергілікті және аймақтағы ақын-жыраулар мектептері.
19. Париж, Франкфурт қалаларында ән салған әйгілі әнші, оның орындаған әндері
20. «Абай», «Біржан-Сара» операларының авторы, мазмұны
21. Тұңғыш қазақтың операсы, оның музыкасын, либреттосын жазған авторларды атаныз?
22. 24 жасында СССР халық әртісі атағына ие болған ғасыр әншісі кім, ол қандай әндерді орындады (репертуары)?

23. «Иван Сусанин» операсының авторы, опера туралы айтыңыз?
24. Мектеп әндерінен мысал келтіріңіз.
25. «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көк жендет» әндерінін авторы?
26. Батыс Қазақстан өңірінен шыққанкүйші- сазгерлер, олардыңшығармалары?
27. «Могучая кучка» құрамы,мақсаты.
28. 19-ғасырдағыорыскомпозиторлары, олардыңшығармалары.
29. «Елімай» ән-күйбағдарламасыныңғылыми-әдістемелікнегізі.
30. Қазақ хор капелласыныңдирижерлары, репертуары.
31. Қазақстанның классик-профессионал композиторлары, шығармалары.
32. Ән жанрын дамытуға сүбелі үлес қосқан танымалк омпозиторлар, әндері.
33. «Аккорд» дегеніміз не? Доминант септаккордты түрлерімен құрып көрсету.
34. «Ақсақкиік»,«Сарыарқа», «Саржайлау», «Былқылдақ» шығармаларының авторлары, күй дәстүрлеріне тоқталу
35. Қазіргі музыка мұғаліміне қойылатын талаптар
36. «Увертюра» дегеніміз не?
37. Аспаптың сүйемелдеуінсіз орындалатын шығармаларды қалай атаймыз ?
38. Музыка сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер.
39. «Сюита» дегеніміз не? «Пер Гюнт» операсының авторы кім?
40. «Аппоссионата», «Лунная соната» шығармаларының авторын ата?
41. «Аида», «Риголетто» операларының авторы.
42. «Реквием» деп нені айтамыз?
43. Музыкаға оқытудың негізгі әдістері.
44. «Қорлан», «Қоштасу» әндерінің авторы.
45. «Желмая», «Ұшардың ұлуы» шығармаларының авторы.
46. Қазақстан Республикасының атақты халық композиторлары мен аға буын классик-композиторлары, олардың шығармаларын ата?
47. Музыка сабағында қолданылатын іс-әрекет түрлері
48. «Музыкалық қабілеттілік», «талғам», «музыкалық деңгей», «музыкалық мәдениет» қалай түсіндіруге және дамытуға болады?
49. «Көрнекілік», «теория мен тәжірибенің байланысы», «жүйелілік және бірізділік» принциптерін қалай түсіндіруге болады, мысал келтір?
50. Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдерге музыкалық тәрбие беру жұмыстары.

4.2Шетел азаматтары үшін сұхбаттасу сұрақтары:

1."Канон" дегеніміз не?
2. Динамикалық реңктерді атаңыз.
3. Синкопа" дегеніміз не?
4. Аспаптың сүйемелдеуінсіз орындалатын шығарма қалай аталады?
5."Полифония"дегеніміз не?
6. "Абай" операсының авторын атаңыз.
7. Құрманғазының күйлерін атаңыз.
8. Орыстың классикалық операсының негізін қалаушы кім?
9. "Увертюра" дегеніміз не?
10. Қазақстанның кәсіби композиторларын атаңыз?
11. Күйші - композиторларды атаңыз?
12. Халық әндерінің жанрларын атаңыз.
13. Қазақстанның заманауи танымал аспапта орындаушылары мен вокалистерін атаңыз.
14. Хор музыкасының пайда болуы мен дамуы туралы не білесіз
15. Қазақстандағы хор музыкасының пайда болуы мен дамуы туралы не білесіз
16. Ғ.Жұбанова, Е.Рахмадиев, М.Маңғытаевтардың атақты шығармаларын атаңыз
17. Орыс, қазақ композиторларының қайсысы өз шығармашылығын Ұлы Отан соғысы тақырыбына арнады. Осы композиторлардың соғыс жылдарына арналған әндерін атаңыз.

18. Қазақ музыкасының зерттеушілерін атаңыз.
19. Алғашқы қазақ операсы «Қыз жібек» либреттосының авторы кім?
20. Мектептегі музыка сабақтарындағы қызмет түрлері қандай?
21. Музыкалық білім берудің негізгі әдістерін сипаттаңыз.
22. Музыка мұғалімдері қандай кәсіби дағдыларға ие болу керек?
23."Елім-ай" бағдарламасының ғылыми-әдістемелік негіздері
24. Б Кабалевскийдің бастамасымен жасалған музыка бағдарламасының негізгі принциптері мен әдістері
25.Балалардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесіндегі прогрессивті тұлғалар (И.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Кунанбаев)

5. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

1. Орындаушылық өнер

45-50 балл өте жақсы	–Дауыс диапазоны кең, тембрі анық, дыбыс таза; –Интонация, ырғақ және дикция кемшіліксіз; –Әндердің мінезі көркем жеткізілген; –Сахнада сенімді, жинақы; – Репертуар таңдауы сәтті және күрделі.
35-44 балл жақсы	– Дауыс сапасы жақсы, бірақ кей тұстарда тұрақсыздық болуы мүмкін; –Ұсақ интонациялық немесе ырғақтық кемшіліктер бар; –Көркемдік жеткізу орташа деңгейде; –Сахналық мәдениет қалыпты; – Репертуардың біршама сәйкестігі байқалады;
5-34 балл қанағаттанарлық	– Дауыста кемшіліктер бар (тембр, диапазон шектеулі); –Интонация, ырғақ жиі бұзылады; – Көркемдік жағы әлсіз, эмоциялық жеткізу жоқ; –Сахнада сенімсіз, ұялшақ; – Репертуар жеңіл әрі талапқа толық сай емес.
0-4 балл қанағаттанарлықсыз	– Дауыс пен музыкалық қабілет анық байқалмайды; –Интонациялық, ырғақтық қателер –Ән мәтіні мен құрылымы бұзылған; – Орындау талапқа сай емес.

2. Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (ауызша емтихан).

45-50 өте жақсы	– Барлық дыбыстық тапсырмаларды дәл орындады; – Интервалдар мен аккордтарды шатаспай таниды; – Ырғақ пен диктантта дәлдік бар; – Әуенді тез есте сақтап, нақты қайталап айтты; – Музыкалық үзіндіні оңай танып, сипаттады.
35-44 жақсы	– Көп тапсырмаларда дәлдік бар, бірақ ұсақ қателер кездеседі; – Интервалдарда немесе аккордта аздаған шатасу; – Ырғақ сезімі бар, бірақ кейбір ауытқулар болады; – Музыкалық есте сақтау мен тануда қиналмайды.
5-34 қанағаттанарлық	– Бірнеше тапсырмада қиындықтар байқалады;

	– Интервалдар мен аккордтарда көп шатасу; – Ырғақ пен әуенді қайталау әлсіз; – Музыканы есте сақтауы баяу, фрагменттерді тануы қиын.
0-4 қанағаттанарлықсыз	– Тапсырмаларды мүлде орындай алмайды; – Интервал, аккорд, ритм, әуен тану қабілеті жоқ; – Музыканы естіп тану мен есте сақтау байқалмайды.

3. Орындау шеберлігі (қысқартылған оқу түрі бойынша)

1**5**–20 балл – өте жақсы	- Дауыс диапазоны кең, тембрі анық, дыбыс таза; – Интонация, ырғақ және дикция кемшіліксіз; – Әндердің мінезі көркем жеткізілген; – Сахнада сенімді, жинақы; – Репертуар таңдауы сәтті және күрделі.
10-14 балл – жақсы	– Дауыс сапасы жақсы, бірақ кей тұстарда тұрақсыздық болуы мүмкін; –Ұсақ интонациялық немесе ырғақтық кемшіліктер бар; –Көркемдік жеткізу орташа деңгейде; –Сахналық мәдениет қалыпты; – Репертуардың біршама сәйкестігі байқалады;
5-9 балл – қанағаттанарлық	– Дауыста кемшіліктер бар (тембр, диапазон шектеулі); –Интонация, ырғақ жиі бұзылады; – Көркемдік жағы әлсіз, эмоциялық жеткізу жоқ; –Сахнада сенімсіз, ұялшақ; – Репертуар жеңіл әрі талапқа толық сай емес.
0-4 балл қанағаттанарлықсыз	– Дауыс пен музыкалық қабілет анық байқалмайды; –Интонациялық кемшілік, ритмдік қателер; –Ән мәтіні мен құрылымы бұзылған; – Орындау талапқа сай емес.

4. Әңгімелесу төменде көрсетілген кестедегі критериялар бойынша бағаланады:

Балл жүйесінде қойылған қорытынды баға (ҚБ)	Баллдың сандық баламасы (С)	Баллдың әріптік баламасы (Ә)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (Д)
95-100	4,0	A	Өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	Жақсы
80-84	3,0	B	
75-79	2,67	B-	
70-74	2,33	C+	
65-69	2,0	C	Қанағаттанарлық
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1,0	D	
25-49	0,5	FX	Қанағаттанарлықсыз

6. ОҚУҒА ТҮСУ СЫНАҒЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. Асафьев Б. Музыкалық интонация. Л., «Музыка», 1995
2. Васина-Гроссман В. Вокалдық формалар. М., «Музыка», 2013
3. Сохор А. Музыка өнер түрі. М., «Музыка», 1983
4. Цуккерман. Музыкалық жанрлармен музыкалық формалардың негізі. М., «Музыка», 1994
6. Хохлов Ю. Музыканың бағдарламасы жайында. М., «Музыка», 2014
7. Чайковский П. И. Бағдарламалық музыка. М., «Музыка», 1997
8. Мазель, Цуккерман. Музыкалық шығармаларға талдау. М., «Музыка», 2008
9. Назайкинский Е. Музыкалық қабылдаудың психологиясы. М., «Музыка», 2005
10. Стасов В. Музыка жайында статьялар. М., «Музыка», 1960
11. Шахназаров Н. Музыкалық эстетикасының проблемалары., «Музыка», 1999
12. Безбородова Л.А. Дирижирование «Музыка», 2005
13. Ольхов К. Теоретические основы дирижерской техники «Музыка», 2015
14. Казачков С.А. Дирижерский аппарат и его постановка «Музыка», 2012
және т.б.
15. Лобанова М. Музыкалық стиль және жанр. М., «Музыка», 2008
16. Попова Т. В. Музыкалық жанрлар. М., «Музыка», 2014
17. Аитова Хрестоматия по дирижированию – А: 2008.
18. Нұрымбетов Т. Балалар хорына арналған хрестоматия – А: 1991.
19. Байтлеуов Д.М. Караоке балалар әндері электронды оқу құралы. Орал, 2013.
20. Өмірзақова Л.Қ., Жардемова А.Б. Патриоттық әндер электронды оқу құралы. Орал, 2019.
21.Т.Нұрымбетов,В.Мамизеров Балалар хорына арналған хрестоматия. А.1991.
22.С.Күзембай,Т.Егінбаева Қазақ музыка тарихынан дәрістер. Астана, 2011
23. Е.Л.Гуревич. История зарубежной музыки – М., 1999.
24.Б.Қалдыбаев. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік – А., 2001.
25. А.Б.Жардемова., Ұ.А.Мынбаева., Шетел музыкасының тарихы., 2015
26. Жайымов А. Домбыра үйрену мектебі. - Алматы. -1992 ж.
27. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2021.
28. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2017.
29. Исаева Ж.А. – *Дауыс қою негіздері*. – Алматы: Білім, 2016.
30. Абдуллин Е.Г. – *Вокалдық-ән айту өнері*. – Алматы: Өнер, 2019.
31. Фучеджи Д.А. – *Пение и постановка голоса*. – Москва: Музыка, 2004.
32. Кэнди Д. – *Техника и здоровье голоса*. – Москва: Альпина, 2021.
33. Назарова Л.Г. – *Работа над голосом. Методика и упражнения*. – Москва: Эксмо, 2018.
34. Петрова, Л.Е. «Музыкалық білім беру әдістемесі». – Алматы: Мектеп, 2020.
35. Зимняя, И.А. «Педагогика». – Москва: Высшая школа, 2019.
36.Иванова, Н.И. «Музыкальные технологии в образовательном процессе». – Санкт-Петербург: ЛЕНАНД, 2021.
37. Құсайынова Қ.Ш. «Музыкалық білім беру әдістемесі». – Алматы: Жібек жолы, 2022.
38. ЖОББ мектептің Музыка оқулығы 3-4 сыныптар үшін.
39. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2021.
40. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. Музыка. – Алматы. – Атамұра. – 2017.